

«Аягөз құрылыс материалдары комбинатының құрылысы» жобасы бойынша қоршаған ортаны қорғау іс-шараларының жоспары жайында қоғамдық тыңдаулар хаттамасы.

Өткізілген күні: 26 мамыр 2015 жыл

Өткізілген жер: Аягөз қаласы, Шығыс Қазақстан облысы

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастырған мекеме-«Аягөз құрылыс материалдары комбинаты» ЖШС-і.

Қоғамдық тыңдаулар жайындағы ақпараттың берілген түрі- «Аягөз жаңалықтары» аудандық газеті.

Қатысқандар: Аягөз ауданы Аягөз қаласы әкімінің орынбасары Қальясов С., Аягөз қаласы әкімінің аппаратының бас маманы – Абай Р., «Аягөз жаңалықтары» газетінің тілшісі- Малдыбаев Б., Аягөз аудандық Мәслихатының депутаты Смагулов Е., «Аягөз құрылыс материалдары комбинаты»/ары карай-«АҚМК»/ ЖШС-нің директоры Қабдиев Ж. және өкілі Рамазанова Ш., «ШЫҒЫС ҚҰРЫЛЫС ЖОБА» ЖШС-нің директоры Мухамедьянов Х.Т., Аягөз қаласының тұрғындары.

Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: «Аягөз құрылыс материалдары комбинатының құрылысы» жобасы бойынша қоршаған ортаны қорғау шараларының жоспары.

Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы болып - Қальясов С., хатшысы болып Рамазанова Ш. сайланды – бір ауызбен қабылданды.

Сөйлегендер:

Аягөз қаласы әкімінің орынбасары Қальясов С. қоғамдық тыңдаулардың мақсаты жайында толығымен түсіндірді.

«АҚМК» ЖШС-нің директоры Қабдиев Ж. сөз сөйледі. Ол құрылыс материалдары комбинатының технологиялық үрдісі жайында, шығаратын өнім жайында толық мәліметтер берді.

Одан кейін қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жайында Мухамедьянов Х.Т., түсіндірді. Ең басты іс-шаралардың бірі ол аталған құрылыстың қоршаған ортаға әсерін қадағалау жөнінде айтты. Оның ішінде:

Жобаны іске асыру кезінде мыналар:

— санитарлық-қорғаныстық аймақтары,

— құрылыс жұмыстары барысында қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар,

— жер асты сулардың ластануын болдырмау жөніндегі шаралар;

— құрылыстың жұмыс жобаларын әзірлеу кезінде қабылдауы талап етілетін басқа шаралардың міндетті түрде орындалатындығын айтып өтті.

Смагулов Е. – Сіздердің іс-шараларыңызда ауланы абаттандыру қарастырылған ба? .

Жауап: Мухамедьянов Х.Т. – Ия, қарастырылған.

Қоғамдық іс-шараның қорытындысы: «Аягөз құрылыс материалдары комбинаты үшін инфрокұрылым құрылысы» жобасы бойынша қоршаған ортаны қорғау шаралары жөніндегі жоспарды бекіту.

Төраға: Қальясов С.

Хатшы: Рамазанова Ш.

